

ҒТАХА 16.21.55

<https://doi.org/10.62724/202610204>

Кайыров Асан Бакиевич^{*1}

Филология ғылымының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан,
assan.kairov@mail.ru, ORCID ID: 0009-0000-0657-6770

ЖАЗУШЫ Ж.АЙМАУЫТОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Қазақ тіл білімі ғылымын дамытуда, оның мән-маңызын айқындауда, өзекті мәселелерін көрсетуде, тың теориялардың негізін қалауда жеке тұлғалардың қосқан үлесі айрықша. Өйткені ғылымды жасаушы, оны дамытушы, халықтың игілігіне жаратушы – жеке, дарынды тұлғалар. Сондықтан қазақ тіл білімі ғылымын дамытуға үлес қосқан ғалымдардың ғылыми мұраларын зерттеудің нәтижесінде жалпы қазақ тіл білімі ғылымының тарихы жасалмақ. Тіл білімі ғылымының тарихын әрі қарай жалғастыру, зерттеу өте маңызды. Соған байланысты қазақ руханиятының көшбасшыларының бірі Ж.Аймауытовтың тілдік мұраларын зерттеу аса маңызды. Себебі Ж.Аймауытовтың тілге қатысты теориялық тұжырымдары қазақ тіл білімі ғылымының персонология тарихына қосылатын маңызды үлес болып табылады.

Мақалада Ж.Аймауытовтың пәндерді оқытуда қазақ тілінің алатын орны, тілді меңгерудің маңызы, тіл мен ойдың тығыз байланыстылығы, білім алу жолы мен тіл үйрену жолының бірлігі туралы ой-пікірлері, диалектология мен терминологияға қатысты ғылыми көзқарастары баяндалады. Мақаланың негізгі мақсаты – Ж.Аймауытовтың тілдік мұрасын жан-жақты талдап, оның қазақ тіл білімінің қалыптасуында алатын орнын айқындау, жазушының тіл туралы айтқан тұжырымдарының маңыздылығын ашып көрсету.

Мақаланың әдістанымдық негізі ретінде жалпы лингвистикалық теориялар, сонымен қатар сол кезеңде қазақ тілін оқыту мен оның лексикологиясына қатысты тың пікірлер айтқан А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Х.Досмұхамедов, Н.Төрөқұлов тәрізді зерттеушілердің теориялық тұжырымдары басшылыққа алынды.

Мақала негізінен сипаттамалық ыңғайда жазылғанымен, жазушының өзіндік ой-пікірлерін зерделеу барысында талдау, жинақтау, жүйелеу, қорыту әдістері қолданылды. Зерттеудің нәтижелері мен құндылығы ретінде Ж.Аймауытовтың тілдік мұрасының өзі өмір сүрген шығармашылық кезеңіндегі, одан кейінгі кезеңдегі және қазіргі қазақ тіл біліміндегі мәнін, өзектілігін, әрі бүгінгі ғылыми зерттеулермен сабақтастығын айта аламыз. Мақаланың нәтижелерін жазушы шығармашылығын зерттеу мен оқытуда теориялық және практикалық жағынан қосымша әдебиет ретінде пайдалануға болады.

Кілт сөздер. Тіл, ана тілі, тіл үйрену, кірме сөз, жат сөздер, диалект сөздер, терминдер, пән сөздері, тілдік қағидаттар, газет тілі.

Кайыров Асан Бакиевич^{*1}

Кандидат филологических наук, доцент, ассоциированный профессор, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан,
assan.kairov@mail.ru, ORCID ID: 0009-0000-0657-6770

ВОПРОСЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ В ТРУДАХ ПИСАТЕЛЯ Ж.АЙМАУЫТОВА

Аннотация. Вклад отдельных личностей в развитие казахского языкознания, определение его значения, выявление актуальных вопросов и закладку фундамента новых теорий исключителен. Потому что создатели науки, её разработчики и те, кто использует её на благо народа - это индивидуальные, талантливые личности. Поэтому в результате изучения научного наследия ученых, внесших вклад в развитие казахского языкознания, будет создана общая история казахского языкознания. Продолжение и изучение истории лингвистики крайне важно. В связи с этим изучение языкового наследия Ж.Аймауытова, одного из лидеров казахской духовности, имеет первостепенное значение. Это связано с тем, что теоретические выводы Ж.Аймауытова о языке являются важным вкладом в историю персонологии в казахском языкознании.

В статье представлены мысли Ж.Аймауытова о роли казахского языка в преподавании предметов, важности овладения языком, тесной связи между языком и мышлением, единстве пути обучения и пути изучения языка, а также его научные взгляды на диалектологию и терминологию. Главная цель статьи - всесторонне проанализировать языковое наследие Ж.Аймауытова, определить его место в формировании казахского языкознания и раскрыть важность выводов писателя о языке.

Методологической основой статьи послужили общие лингвистические теории, а также теоретические выводы таких исследователей, как А.Байтурсынов, К.Жубанов, Е.Омаров, Х.Досмухамедов, Н.Торекулов, которые высказали новые взгляды на преподавание казахского языка и его лексикологию в тот период.

Хотя статья в основном носит описательный характер, в процессе изучения авторских взглядов писателя были использованы методы анализа, обобщения, систематизации и выводов.

В качестве результатов и научной ценности исследования можно отметить значимость и актуальность языкового наследия Ж.Аймауытова в период его творческой деятельности, в последующие этапы и в современном казахском языкознании, а также его преемственность с современными научными исследованиями.

Результаты статьи могут быть использованы в качестве дополнительной литературы при изучении и преподавании творчества писателя как в теоретическом, так и в практическом аспектах.

Ключевые слова. Язык, родной язык, изучение языка, заимствованные слова, иностранные слова, диалектные слова, термины, предметные слова, языковые принципы, язык газеты.

Kaayrov Asan Bakievich*¹

Candidate of philological Sciences, Associate Professor, West Kazakhstan innovation and Technology University, Uralsk, Kazakhstan, assan.kairov@mail.ru,
ORCID ID: 0009-0000-0657-6770

ISSUES OF KAZAKH LINGUISTICS IN THE WORKS OF THE WRITER J.AIMAITOV

Abstract. The contribution of individuals to the development of Kazakh linguistics, the definition of its significance, the identification of pressing issues, and the laying of the foundation for new theories is exceptional. Because the creators of science, its developers, and those who use it for the benefit of the people are individual, talented individuals. Therefore, as a result of studying the scientific heritage of scholars who contributed to the development of Kazakh linguistics, a common history of Kazakh linguistics will be created. Continuing and

studying the history of linguistics is crucial. In this regard, the study of the linguistic heritage of one of the leaders of Kazakh spirituality, J.Aimauytov, is of paramount importance. This is because J.Aimauytov's theoretical conclusions about language are an important contribution to the history of personology in Kazakh linguistics.

The article presents J.Aimauytov's thoughts on the role of the Kazakh language in teaching subjects, the importance of mastering language, the close connection between language and thinking, the unity of the path of learning and the path of learning language, as well as his scientific views on dialectology and terminology. The main purpose of the article is to comprehensively analyze the linguistic heritage of J. Aimauytov, to determine his place in the formation of Kazakh linguistics, and to reveal the significance of the writer's conclusions on language.

The methodological basis of the article is grounded in general linguistic theories, as well as in the theoretical conclusions of such researchers as A.Baitursynov, K.Zhubanov, E.Omarov, Kh.Dosmukhamedov, and N.Torekulov, who proposed new perspectives on the teaching of the Kazakh language and its lexicology during that period.

Although the article is primarily descriptive in nature, methods of analysis, generalization, systematization, and inference were employed in examining the author's views.

The results and scientific significance of the study highlight the importance and relevance of Zhusipbek Aimauytov's linguistic heritage during his creative period, in subsequent stages, and in modern Kazakh linguistics, as well as its continuity with contemporary scientific research.

The findings of the article can be used as supplementary material in the study and teaching of the writer's works, both in theoretical and practical contexts.

Key words. Language, native language, language learning, borrowed words, foreign words, dialectal words, terms, subject words, language principles, newspaper language.

Кіріспе. Жазушы Ж.Аймауытов жазушылық, аудармашылық, сыншылдық еңбектерімен қатар қазақ тілі мен оны оқыту әдістемесіне, бала тәрбиесіне байланысты бірқатар еңбектер жазған. Жазушының қазақ тіліне байланысты жазылған еңбектері терең талдауымен, мәселені жетік білуімен, әрі оның шешу жолдарын ашып көрсетуімен ерекшеленеді. Жалпы, Ж.Аймауытов тіл білімі мәселелерімен, мектеппен, оқу-ағарту саласымен байланысты елуге тарта еңбек жазған. Оқулық ретінде шығарған әліппесі бірнеше рет қайта басылып шықты. Солардың ішінде «Ұлтты сүю», «Ана тілі», «Ана тілін қалай оқыту керек», «Тіл туралы», «Тіл қалай пайда болған», «Пән сөздері қалай табылады», «Хат таныту әдістері», «Әдебиет тілі мен емле», «Ұу, ыу, үу, іу» туралы, «Емле, әріп жайынан», «Емлені оңайлату жобасы», «Дәйекші жөнінен», «Жаңа әліпби емлесіне түсінік», «Ана тілінің оқыту әдісі», «Жаңа әліпті тез үйрету жолы», «Үлгі мектептері керек» еңбектерін ерекше айтуға болады. Жазушы аталған мақалаларында ұлт ретінде ана тілімізді сақтап өркендетудің маңызы жайында, қазақ тілін оқытуды жақсарту мен пән сөздері (терминдер) хақында орамды ойлары мен бағалы пікірлерін білдіреді. Әсіресе, автордың ана тілімізді сақтау мен оны келешек ұрпақ бойына сіңіру жайында айтқан ойларының мәні терең.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақаланың зерттеу материалы - Ж.Аймауытовтың XX ғасырдың басында қазақ тілінің маңызды мәселелерін талдаумен байланысты жазған ғылыми еңбектері. Себебі Ж.Аймауытов - қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының негізін қалаушы ғана емес, сондай-ақ қазақ тілі ғылымының қалыптасып дамуына да зор үлес қосқан жазушы. Жалпы, жазушы қаламынан қазақ тілі мен оны оқыту мәселелеріне арналған бірнеше зерттеу мақалалар туды. Мысалы, «Ана

тілі», «Ана тілін қалай оқыту керек?» атты мақалаларында қазақ тілін оқытудың маңызына, оқыту әдістеріне кеңінен тоқталады. Ал «Тіл қалай пайда болған?» атты мақаласында тілдің пайда болуы жайындағы өзінің ой-пікірін, жалпы адамзат тілінің пайда болу кезеңдерін адамның сәби кезіндегі тілінің шығуымен, яғни баланың сөйлеу тілінің қалыптасуымен тығыз байланыстыра отырып қызықты түрде баяндайды. Жазушының «Тіл туралы» деген мақаласы еліміздің әр аймағында қолданылатын диалект сөздердің, тілімізге енген кірме сөздердің ерекшелігін, олардың пайдалы, пайдасыз жақтарын саралауға арналған. Ж.Аймауытов «Пән сөздері қалай табылады», «Газет тілі қалай түзеледі» деген мақалаларында қазақ тіліндегі маңызды мәселе - термин сөздердің тілімізде пайда болуы мен қолданылу сипатын жан-жақты қарастырады. Автор термин сөздерді «пән сөздері» деп атап, олардың қолданылуына байланысты көптеген мәселенің басын ашып береді, ол мәселелердің шешімін табу үшін өзінің көзқарасын білдіреді, бірнеше баптан тұратын өз жобасын ұсынады. Сонымен қатар сол кезеңдегі баспасөз бетінде пән сөздерінің қолданысындағы ала-құлалықты жою мақсатында бірнеше шараны атап көрсетіп, оларды іске асыруды қолға алады.

Сонымен, жоғарыда аталған еңбектерінде ғалымның тіл үйрету жөніндегі ұсыныстары, тілдің қалыптасып даму кезеңдері туралы ойлары, жергілікті (диалект) сөздерге, кірме сөздерге, пән сөздеріне (термин сөздер) қатысты пікірлері, терминологиялық қағидаттар мен пән сөздерін табу жөніндегі ұсыныстары, газет тілін түзеу жайындағы тұжырымдары зерттеу материалы ретінде кеңінен қарастырылып, оларды зерттеу барысында жазушының өзінің ғылыми көзқарастары мен пайымдаулары негізге алынып, оларды талдау, сипаттау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Ж.Аймауытов 1928 жылы жазған «Ана тілі» деген еңбегінде мектепте оқылатын пәндердің ішінде тілдің алатын орнын, тілді меңгерудің маңызын, оны оқытудың мақсаты мен міндетін, тіл мен ойдың тығыз байланыстылығын ашып көрсетеді.

Автор «баланы оқытудың бастауы - тіл» дейді. Өйткені басқа пәндерді оқып меңгеруде ана тілі негіз, тірек болатынын, себебі тіл ұлттың, халықтың жан дүниесінің көрінісі, болмысы екенін ерекше атап көрсетеді. Сонымен қатар тіліміздегі сөздерді құр жаттап, олардың түрлену жүйесі мен заңдылықтарын білумен ғана шектелмей, бала тілді оқу арқылы ұлтымызға тән ұғымдар мен ойлау жүйесін, көркем сөздер мен сөз тіркестерін, бейнелі ой орамдарын, ұлттық пәлсапаны меңгеретінін айтады. Демек, баланың тілді меңгеруі – оның сөйлеуге, өзгелердің сөзін ұғынуға, оқуға және жазуға жаттығуы ғана емес, сондай-ақ ойлауға жаттығуы, ойының дамуы деп санайды. Бұдан тіл мен ойдың өзара тығыз байланысты екені, тіл мен ойдың қатар дамидыны, ойлаусыз тілдің қызметі жүзеге аспайтыны, тіл - ойдың айнасы екені көрінеді. Сондықтан мұғалім мен мектептің ең басты міндеті – баланы дұрыс сөйлеуге, дұрыс жазуға үйрету, сөзді, тілді дұрыс қолдануға машықтандыру» деп қорытындылайды.

Ж.Аймауытов балаға тіл үйрету тек тілді жеке пән ретінде оқытумен шектелмейтінін, басқа пәндерді оқытуда да тіл үйрету міндетті түрде қатар жүру керектігіне баса назар аударады. Жазушы мұғалім тіл сабағында баланы сөйлеуге, жазуға, оқуға, яғни әңгімелесуге жаттықтыратынын айта отырып, басқа пәндерді - мысалы, физика, география, тарих, т.б. пәндерді оқытуда да баланың сол пәндер туралы сөйлеуге, ойын тіл арқылы жеткізуге дағдыланатынын ескертеді. Мысалы, есеп үйретудің өзі тек сан туралы ойлау емес, есептің мазмұнын түсініп, оны айта білу дейді. Басқаша айтқанда, әр пән баланың ойын қозғап, оны сол пән турасында өз ойын ауызша не жазбаша түрде жеткізуге үйрететінін, сол себепті тілсіз оқытылатын, тілсіз түсінілетін пән жоқ екенін айтады. Демек, автор тілдің жеке пән ретінде оқытылуының дұрыс

еместігін тілдің басқа пәндерді оқытуда да басты құрал болатынымен байланысты түсіндіреді.

Сонымен, автор тілді оқыту мен өзге пәндерді оқыту бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені тіл оқытуда мұғалім өзге пәндерге қатысты түрлі мағлұматтарды пайдаланады және керісінше, өзге пәндерді оқытып меңгерту тілсіз жүзеге аспайды деп санайды.

Бұның дәлелі «тіл пәнінің мұғалім өз міндетін тек тілге машықтандыру деп ұғып, ал тіл үйретуге қажетті мәліметтерді, баланың ойын қозғайтын мағлұматтарды тауып пайдалануды білмейді. Ал жаратылыс пәнінің мұғалімі балаға тек өз пәнінен білім беруге тиістімін деп түсініп, тілге төселдіруді, яғни дұрыс сөйлеуге үйретуді өзіне міндет санамайды. Соның нәтижесінде тілге, сөйлеуге жаттықтыратын мәліметтер тілді оқытуда пайдаланылмайды. Керісінше, жаратылыс пәні мұғалімінің мағлұматы көп болғанымен, оны балаға меңгерте алмайды, оның себебі мұғалім баланы өз пәні бойынша сөйлеуге үйретпегені, яғни тілге төселдіре алмағаны көрінеді. Сөйтіп екі пәннің мұғалімі де алға қойған мақсаттарына жете алмайды. Тілді өзге пәнге қатыссыз жеке-дара оқыту баланың тілін де, білімін де дамытпайтынын түсінген бұрынғы мектеп мұғалімдері қосымша пәндерді көбейтуге тырысқанымен, мұндай шара балаға да, мұғалімге де тек жүктемені ауырлатып, пайдасыз болды» деп тұжырымдайды.

Қорыта айтқанда, автор білім алу мен тілді меңгеруді ажыратып, екі бөлек қарастыру қате деп, іс жүзінде қолдану үшін бірнеше ұсыныстар айтады.

Біріншіден, тілді оқыту мен басқа пәндерді оқыту екі бөлек қаралмай, керісінше, өзге пәндерді оқытуға тіл негіз болып, өзге пәндер тілді меңгеруге қызмет етуі тиіс.

Екіншіден, тіл үйрену бала үшін басты емес, қосымша әрекет болғандықтан, бала алдымен айналасында өзін қоршаған дүниені тәжірибе ретінде танып біледі. Сол тәжірибеден кейін ғана сол таныған дүниесі туралы айтып, тыңдап, жазып, оқып, тілін дамытқаны дұрыс болады. Үшіншіден, баланың тілді меңгеруінде жүйелілік болуы қажет. Бала оқу мен жазуды бірден бастамайды, алдымен тыңдап, сосын сөйлеу қалыптасады. Сол себепті бала алдымен көргені мен естігенін әңгімелеп үйреніп, содан соң ғана оқу мен жазу үйренуге көшкені жөн. Төртіншіден, бала әуелі өз ойын айтуға, еркін жеткізуге және оны жазып үйренуге дағдылануы тиіс. Содан соң жақсы, үлгілі сөздерді үйреніп, сол сөздерді қолданып еліктеп сөйлеуге жағдай жасалуы керек. Бесіншіден, әңгімелесуге, сөйлесуге қажетті кітаптағы дайын мәліметтер ғана емес, сондай-ақ баланың өмірден көрген-білгенінен, яғни күнделікті тәжірибесінен алынуы тиіс. Басқаша айтқанда, баланы оқыту кітаптан өмірге емес, өмірден кітапқа қарай бағытталуы қажет. [1, 184-185бб.]

Ж.Аймауытовтың тіл теориясына қатысты келесі бір еңбегі – «Тіл қалай пайда болған?» атты мақаласы. Автор психологиялық кітаптарға сүйене отырып, тілдің қайдан, қалай пайда болғаны туралы екі түрлі пікірдің бар екенін айтады. Алайда жазушы ол пікірлермен келіспей, тілдің пайда болуы жайында өз көзқарасын баяндайды, тілдің дамуын эволюциялық құбылыс ретінде бағалайды. Сөйтіп, тілдің қалыптасып дамуын үш кезеңге бөліп қарастырады.

Ең алдымен, тіл бірден пайда болмаған, белгілі бір уақыт аралығында біртіндеп қалыптасып, дамыған. Сондықтан әр халықтың тілі даму деңгейіне қарай әртүрлі сатыда тұрған тәрізді. Бұдан тіл белгілі бір қысқа уақытта емес, ұзақ мерзім ішінде қалыптасып дамығаны көрінеді.

Тіл – адамның ішкі ойын, сезімін жеткізетін құрал. Әр кезеңде адамдар ішкі ойларын, сезімдерін әрқалай білдірген. Ежелгі дәуірде адамның іс-әрекеті көбіне қарапайым, еріксіз сезімге негізделген қозғалыс болған. Адам табиғаттағы түрлі құбылыстарға тап болғанда, яғни қорыққанда, қуанғанда, таңданғанда немесе

ауырсынғанда айқайлап дыбыс берген. Сол дыбыс арқылы айналасындағылар оның қандай күйде екенін түсінетін болған. Тілдің, сөйлеудің бастауы осылай қалыптасқан. Бұл бастапқы кезеңде тіл адамның ішкі сезімін қимыл мен дыбыс арқылы жеткізу құралы болған.

Екінші кезеңде адам айналасында өзі көрген заттар мен құбылыстардың дыбыстарына еліктеп, сол арқылы оларды атауға тырысқан. Яғни белгілі бір нәрсені атау үшін оның шығарған дыбысын белгі ретінде қолданған. Мысалы, итті атау үшін «ау-ау» деп оның үрген дыбысын айтса, өзгелер оны түсінген. Сол сияқты арыстан, қасқыр, мысық, т.б. түрлі аңдарды шығарған дыбысына қарап атаған. Сондай-ақ табиғаттағы найзағайдың сартылы, судың ағысы, ағаштың құлауынан шығатын дыбыстарға еліктеуден атау пайда болған. сияқты құбылыстар да еліктеу арқылы аталған. Бұл – тіл дамуының, сөйлеудің пайда болуының екінші кезеңі.

Үшінші кезеңде заттың атауы мен оның дыбысы арасындағы байланыс әлсірей бастайды. Адамдар енді затты дыбысына емес, басқа белгілеріне сүйеніп атайтын болған. Бұл тілдің анағұрлым дамыған, жетілген шағы екенін көрсетеді. Дегенмен бұрынғы еліктеу тәсілдерінің ізі бүгінге дейін сақталған. Бұған мысалы, «тарс-тұрс», «күрс», «шиқ-шиқ», «тыр-тыр», «қылт-қылт» сияқты одағайлар мен солардан жасалған сөздер дәлел.

Ж.Аймауытов одан әрі адамзат тілінің қалыптасып дамуының осы аталған үш кезеңін дүниеге жаңа туған сәбидің дыбыс тілінің пайда болып дамуымен өзара байланыстыра сипаттайды. Жазушы адам тілінің жоғарыдағыдай даму кезеңдерін бала да өз өмірінде қайталайды дейді. Мысалы, «бала алғаш дүниеге келген сәтте-ақ дыбыс шығарады. Баланың алғашқы шыр еткен дыбысы оның жаңа ортаға түскен кездегі жайсыз күйін білдіреді. Бала қарны ашса немесе бір жері ауырса еріксіз түрде жылайды. Бұл - баланың саналы әрекеті емес, табиғи сезімнің әсерінен туатын белгі. Уақыт өте бала өз дыбысы мен сыртқы жағдайлардың арасында байланыс барын сезе бастайды. Мысалы, ол ауырғанда жылайды, ал жылаған кезде анасы келіп көмектеседі (жұбатады, киімін ауыстырады), содан кейін бала тынышталады. Осыдан бала жылау мен тыныштану арасында байланыс барын сезіне бастайды.

Егер бала бесікте жатқысы келмесе, жылау арқылы да өз қалауын білдіре бастайды. Бұл да баланың ішкі тілегін жеткізудің бір жолы. Уақыт өте келе бала айналасындағы түрлі дыбыстарға еліктеп, сол арқылы ойын білдіруге көшеді: сиырды «мө-ө», қойды «мә», мысықты «мияу», итті «ау-ау» деп атайды. Біртіндеп осы жануарлардың атауларын да жиі естиді. Алғашында ол атауларды дұрыс айта алмай, былдырлап сөйлесе, кейін машықтанып, әуелі бір буынды, сосын екі буынды, кейін үш буынды сөздерді айтуға дағдыланады.

Ал төрт-бес буынды сөздерді бала ұзақ уақыт айта алмайды. Сондықтан балаға бірден күрделі, көп сөзді үйретуге тырысқан ата-ана да, бірден ауыр тақырыптарды түсіндіруге ұмтылған мұғалім де қателеседі. Өйткені баланың сөйлеуі, бала тілінің дамуы біртіндеп жүреді. Ересек адам уақыт өткен сайын дыбысқа еліктеуден алыстап, сөз арқылы ойын білдіруге көшсе, бала да сөздік қоры артқан сайын еліктеуді азайтып, ойын сөзбен, сөйлеммен жеткізе бастайды. Бірақ оның сөйлемдері қысқа әрі қарапайым болады. Тіпті ересек адамдар да қарапайым, ықшам сөйлемдермен сөйлейді. Ал күрделі сөйлемдерді айтуға, қабылдауға бала қиналады. Себебі сөз бен сөйлем – баланың ұғымы мен білімі дамыған сайын бірге жетілетін құрал» деп түсіндіреді. [2, 197-198бб.].

Мақаланың қорытындысында Ж.Аймауытов кітап жазушыларға, газетшілерге, саяси шешендерге, әдебиетшілер мен ақындарға қарапайым үлкендер үшін, балалар үшін түсінікті түрде жазуға, сөйлеуге кеңес береді.

Ж.Аймауытовтың 1926 жылы 9 наурызда «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген

«Тіл туралы» деген мақаласын – қазақ тілінің диалектология саласындағы тұңғыш ғылыми еңбек деуге болады. Еңбекте автор «қазақ жерінің әр өңірінде тек өздері қолданатын, өзгелер білмейтін тілдер (сөздер) бар. Мұны ғылымда жергілікті тіл (провенциализм) деп атайды. Әдебиет жөнімен айтқанда, жергілікті тілдерді көп қолдану сөзді ұғымсыз қылады» дей келіп, ол құбылыстың да пайдасы бар екенін баяндайды. Ол пайдалы жағы - қай ел болса да өзі көрші отырған елмен араласып, олармен сөз алмасып, тіліміздің сөздің қорының көбеюіне әсері бар екенін байқайды.

Мысалы, батыста татар мен орыс тілінің әсері көбірек болса, Жетісу мен Сырдарияда өзбек тілінің әсері бар, Қостанайда орыс пен ноғай тілдерінің әсері мол, Ақмолада араб пен орыс тілдерінің әсері бар деп санайды. Және мұндай сөз алмасу процесінің екі түрлі себебі бар екенін айтады: бірінші - діннің әсерінен енген сөздер, екінші - тұрмысқа байланысты енген сөздер. Автор бұл құбылысты былай түсіндіреді.

«Қазақтың қай өңірінің тілі таза, ал қайсысы аралас екенін нақты боліп айту оңай емес. Себебі қай өңірді алсақ та, көрші халықтардың тілдік ықпалынан толықтай таза емес, сондықтан мүлде таза қазақ тілі өте аз екенін байқаймыз. Тілімізде араб, парсы, сарт, қыпшақ тілдерінен енген сөздер көптеп кездеседі. Мысалы, «жауап», «ырас», «ылайық», «пайда», «дұрыс», «дерт», «дауа», «егер», «әр», «пенде», «кісі», «пара», «дос», «бақ» (бақша), «шатыр», «нұр», «залым», «зер», «мыс», «келдік», «өнер», «зақым», «топан», «мейман», «мысал», «дүм», «қымбат», «дәулет», «кеміл», «азат», «көр», «базар», «аспан», «дүкерт», «құп», «сақара», «данышпан» сияқты сөздердің қай халыққа тиесілі екенін ажырату қиын. Бұлардың көбі парсы тілінен, кейбірі араб тілінен енген сөздер болып шығады».

Алайда Ж.Аймауытов «бұндай сөздер тілімізге ықылым заманнан бері сіңісіп кеткен, сол себепті олардың жат сөздер екенін өзіміз де аңғармаймыз» деп, баяғы заманда араб, парсы тілдерінен енген мұндай сөздер қазақ халқының сөйлеу тіліне икемделіп, қазақ тіліне әбден сіңісіп, тіпті өзге тілден енген сөздер екені білінбейтін дәрежеге жеткенін айтады.

Сондай-ақ Ж.Аймауытов еліміздің әр аймағында түрліше қолданылатын диалект сөздердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін айту қиын. Сондықтан ол сөздердің біреуін дұрыс, біреуін қате деу – надандық болар еді. Олардың бәрі - дыбыстық өзгерістерге ұшырап, тілімізге сіңісіп, қазақтың өз сөздері болып кеткен деп есептейді.

«Сөздің әр өңірдің өзіне тән айтылу ерекшеліктері бар. Мысалы, Семей мен ақмолалықтар «дөкей» десе, торғайлықтар «әйдік» дейді. Сол сияқты әр өңірде «өңшең», «жаппай», «кілең», «біркелкі», «бірыңғай», «бірөңкей», «тіпті», «тіптен», «әдейі», «қасақана», «жорта» деп сөздер әрқалай қолданылады. Қайсысы қазақтың сөзі екенін айыру қиын. Әр ел сөздерді өздеріне ыңғайлы түрде өзгертеді. Мысалы, Семей жақ «кигіз», «кірпіш», «түндік» десе, Торғай жақ «киіз», «керпіш», «түнлік» дейді. Сондай-ақ «сереңке», «шырпы», «оттық», «шақпақ», «тайынша», «тайөгіз», «тана», «көпене», «шөмеле», «шошак», «мая», «іскірт» сөздері де әр өңірде түрліше айтылады.

Егер осыны мұқият салыстырып қарасақ, әр өңір өз сөзін дұрыс деп есептейді. Біз мына бір аймақтың сөзін «дұрыс» дей алмаймыз, өйткені «әйдік» пен «дөкей», «жаппай» мен «кілең», «бірыңғай» мен «бірөңкей», «жорта» мен «жория», «кигіз» бен «киіз», «түндік» пен «түнліктің» мынаусын дұрыс деу мүмкін емес. Себебі барлығы да қазақтың сөзі. Әртүрлі дыбыстық өзгерістер болғанымен, бәрі де қазақ тілінің сөздік қорында бар».

Демек, Ж.Аймауытов еліміздің әр аймағында қолданылатын, өз сөзіміздей болып кеткен диалект сөздерді жатырқамай, бірінің орнына бірін қолдана беру керектігін, өйткені ол тіліміздің баюына, әдебиетіміздің дамуына да оң ықпал ететінін аңғартады.

«Қазақ баласы бір аймақтың сөзін екіншісі жатсынбай алып, ауыстырып айта береді. Мысалы, Орал мен Торғайдың «әйдік», «кілең», «дырау», «керім», «қасқа», «сойы» сияқты сөздерін біз де қолдана аламыз. Бұлар - әдебиетте бар әдемі сөздер. Абай шығармаларында «керім-кербез» деген тіркестер, ал қазақ тілінде «қасқа», «жайсаң» деген сөздер кездеседі. «Сой» сөзі (ата тегі, тұқымы) біздің өңірде болмағанымен, Кіші жүздің ақындары мен әдебиетінде қолданылатындықтан, ондай сөздерді алудан қашпаймыз. Тілімізде әр өңірден алынған жаңа сөздер пайда болып қолданылса, бұл тілді байытады. Қай өңірден болса да, қазақтың сөздері болса, бөтенсімей қолдану дұрыс».

Сөз соңында жазушы «біздің қарастыратынымыз – өзге жұрттан өзіміздегі бар тілдің орнына тіл (сөз) еніп бара жатса, соны алып тастап, тілімізді тазалап отыруымыз керек» деп, қазақ тілінің тазалығын сақтаудағы басты міндет - сол кезеңдегі өзге тілдерден орынсыз еніп жатқан кірме сөздерден тілімізді тазартып отыру қажеттігін, себебі ол кірме сөздер тілімізді бұзатынын айтады. [3, 203-206 бб.].

Ж.Аймауытов – қазақ тілі терминологиясының қалыптасуына тікелей атсалысқандар зиялылардың бірі. Жазушының термин сөздерді қалыптастыру туралы негізгі ойлары мен ұсыныстары «Ақ жол» газетінің 1925 жылы 1 мамырдағы санында жарияланған «Пән сөздері қалай табылады?» деп аталатын мақаласында айтылады.

1924 жылы Орынборда өткен «Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде» ағартушы Е.Омаровтың баяндамасында терминологияны дамытудың принциптері бекітілді. Алаш қайраткерлері баяндамада ұсынылған қағидаттарды талқылай отырып, оны қабылдау жөнінде ортақ пікірге келеді. Алайда съезде қабылданған принциптерге қарамастан, ЖАймауытов аталған мәселеге өз көзқарасын білдіреді.

Автор мақаласын былай бастайды: «Қазақ тілінде кітап санының артуымен бірге пәндік сөздер де көбейіп келеді. Білім кеңестері барлық пәнге қажетті сөздерді ойлап табуға тырысып жатыр. Олардың арасында кейбір мағынасы түсініксіз сөздер немесе бұрыннан айтылып жүрген сөздер де бар. Ол сөздерді көпшілік пәндік сөздер ретінде қабылдай алмай отыр. Бұл мәселе өткен жылы білімпаздар кеңесінде талқыланса да, әлі де зерделену керек секілді. Сол себепті пәндік сөздерді қалай табу турасындағы өз ойымызбен таныстырмақпыз».

Мақала авторы терминологияны қалыптастыруда білім кеңесінің шамасы жетпей жатқанын, атқарылған іс нәтижесі қанағаттанарлық емес екенін, съезде бекітілген терминология принциптеріне өзінің де алып қосары бар екенін аңғартады.

Одан ары автор терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыруға байланысты бірнеше мәселенің басын ашып береді.

1. Тіл - біліммен сабақтаса дамиды деген жанды құбылыс. Сондықтан ол табиғи түрде өз ағымымен, қысымсыз, зорлықсыз жетілуі керек. Мәдениетіміз өркендеген сайын, тіл де өзінен-өзі еркін дамиды. Тіл қалай дамиды? Жаңа сөздер тілге қалай кіреді? Шын мәнінде, жаңа сөздер тілге өмірдің өзі арқылы кіреді, яғни жаңа сөздерді тіл өзі қабылдайды. Мысалы, төңкерістен кейін тілімізге жаңа кірме сөздер ықтиярсыз еніп кетті, бірақ ол сөздерді ел-жұрт қабылдап, қолдана бастады. Қазір сол сөздерді қазақша сөзбен алмастырамыз деп тырысқанымызбен, нәтиже болмайды. Өйткені ол сөздерді тілімізге өмірдің өзі кіргізіп отыр. Ал өмірдің өзі енгізген жаңа сөздерді кері шығару мүмкін емес. Сондықтан жаңа кірме сөздерден қашсақ та құтылмаймыз.

2. Жаңадан ойлап табылған сөздер тілге күшпен енбейді. Тек қолдануға қолайлы, ұғынуға ыңғайлы сөздер ғана тілде орын алады. Қолайсыз, келеңсіз сөздер өз-өзінен қолданыстан қалады. Тіл де өмірдің заңдылығына бағынады, яғни қай сөз өмірге қажет болса, сол сөз тілде қалады. Тіл ықтиярсызсыз өзгерістерге бағынбайды.

Бірінші мәселеде автор өзге тілден енген кірме сөздер қазақ тіліне сіңіп кетті,

сондықтан оларды жатсынбау керек десе, екінші мәселеде жаңа сөздерді тілге күштеп енгізудің қажеті жоқ деген ой айтады. Негізінде, Ж.Аймауытов кірме сөздерді өз тілімізге аударып, жаңа атаулар жасауға аса мән бермейді. Оның айтқан «қолдануға қолайлы, ұғынуға жайлы сөздер алынады, қолайсыз, келеңсіз сөздер қолданыстан қалады» деген пікірі дұрыс болғанымен, сол қолайлы, жайлы сөзді анықтап, іріктеп, саралап отырумен тілдің заңдылықтарын, термин сөздерге қойылатын талаптарды білетін мамандар айналысқаны дұрыс. Бұл автор көтерген үшінші мәселеде көрініс тапқан.

3. Мектепте оқылатын пәндердің сөздерін білім кеңесінің ұсынуы қате. Әр пәннің сөзін сол пәннің маманы немесе кітап авторының өзі табуы керек. Ғалымдар пәндік сөздерді кеңесте жасап шығармайды, оларды кітап жазушы өмір тәжірибесі арқылы енгізеді. Бір автордың кітабында сөздер қолайсыз болса, келесі автор оны жаңа сөзбен алмастырып түзетеді. Пән сөздерін сол пәннің маманы ойлап таппаса, өзге адамдардың табуы мүмкін емес, өйткені әр пәннің мамандары білім кеңесінде болмай отыр. Пән маманы ұзақ ойланып, тапқан сөз кеңес отырысында көп талқыланбайды. Кейде кеңес отырысында сөздер толық талқыланбай, кейбір келеңсіз сөздер қабылданып кететін жайттар ұшырасады.

Жалпы, білім кеңесі сөз тауып енгізуде ғылыми жолды ұстануы керек. Сондықтан пәндік сөздерді ғылыми жолмен жасап енгізетін адамдар бірнеше тілді (араб, парсы, түрік, еуропалық тілдерді) меңгерген филолог мамандар болуы керек.

Бұл пікірінде Ж.Аймауытов «терминдерді кім жасауы керек?» деген сұраққа сол пәннің мамандары, кітап, оқулық жазушы авторлар жасауы керек, себебі олар өз саласының ұғымдарын, ерекшеліктерін жақсы біледі дейді.

Сонымен қатар автор сала мамандарының бәрі бірдей тілдің заңдылықтарын, термин сөзге қойылатын талаптарды жақсы біле бермейтіндіктен, мәселені ғылыми тұрғыдан шешу үшін «әр тілді білетін филолог адамдар болуы керек» деп бұл мәселенің екінші жағын да назардан тыс қалдырмайды.

4. Қазір пәндік сөздерді жасаумен білім кеңестері айналысуда, алайда бұл кітап авторлары мен пән мамандарының аздығынан болып отыр. Тілшілер, яғни тіл мамандары болмаса да, әр пәннің мамандары болуы тиіс. Нақты бір пәнді зерттеп, кітаптарын оқып, тәжірибе жинаған адам белгілі бір дәрежеде сол пәннің маманы болып саналады. Ал бір адам бірнеше пәнге кітап жазуға тырысса, ол кітаптың сапасы нашар болады.

Ж.Аймауытов әртүрлі сала мамандарының аздығынан термин сөздерді амалсыз білім кеңесі жасап отырғанын айтады. Бұл пікір сол кезеңнің шындығын білдіреді.

Ж.Аймауытов қазақ тілінің терминдер сөздігін қалыптастыру, термин сөздер қорын жасау үшін өзінің ой-пікірлерін тұжырымдай келіп, 9 пункттен тұратын өз жобасын ұсынған.

1. Тілдің дамуын өз ағымымен жіберіп, сөздің қолданысын тілдің өзіне қалдыру керек. Сонда қолдануға қолайлы сөздер тілге еніп, қолайсыз сөздер қолданудан қалады.

2. Тілімізге еніп орнығып қалған кірме сөздерге тиіспейік. Тілге зорлық көрсетпейік.

3. Жаңа сөздерді тек сол пәннің мамандары мен кітап авторлары тауып енгізісін.

4. Сөздің мәнін ұқпайтын шалағай адамдарға кітап жазуға тиым салынсын. Оқу құралдарын педагогтар мамандар, шебер педагогтар жазуы керек, өйткені оқыту әдісін білмеген адам ұғымсыз кітап жазады.

5. Жаңа сөз тауып енгізген адамдар ол сөздерін кітабына ерекше белгілеп жазсын.

6. Кітап авторлары екі-үш жылдан кейін тіл туралы өзара ақылдасып, жаңадан табылған сөздерді талқылап бекітсін.

7. Пәндік сөздер өзге тілден алынған болса, кітапта, не газет-журналда орысша нұсқасымен берілсін.

8. Қолданыстағы қолайсыз сөздер баспасөзде сыналып, орнына жаңа сөздер берілсін.

9. Білім кеңесі немесе оның орнындағы мекеме қолданыстағы жаңа сөздерді жинап, лұғат кітаптарын шығарсын.

Осы әдіспен ғана тіл мәселесін тиімді шешуге болады. А.Байтұрсынұлының «Тіл құралдағы» жаңа сөздері осы әдіспен таралғанын білеміз. Бұл шынайы әрі дұрыс жол деп санаймын.

Ж.Аймауытовтың ұсыныстарының барлығы жүзеге аспағанымен, кейбірі сол уақыттағы терминологиялық ізденістерге әсер етіп, қазақ тілінде оқу кітаптарын жазушыларға, термин жасаушыларға ой салғанын аңғарамыз. Мысалы, Білім кеңесінің ұйымдастыруымен термин комиссиясы 1926 жылы «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», 1927 жылы «Пән сөздері» атты термин сөздер сөздіктері жарыққа шықты. Жарияланған кейбір оқулықтар мен ғылыми еңбектерде жаңа термин сөздер айрықша шрифтпен беріліп, жақша ішінде орыс тіліндегі баламалары көрсетілген, немесе сөздік түрінде кітап соңына енгізілген. Сонымен қатар, жазушының ой-пікірлерінде қазіргі таңда да теориялық және практикалық құндылығын сақтап қалған ұсыныстар бар екені айтылуы тиіс. Дегенмен, Ж.Аймауытов жобасының алғашқы екі тармағындағы «тілді өз ағымына жіберейік» және «кірме сөздерге тиіспейік» деген ойлары қазақ білімпаздарының съезінде Е. Омаров баяндаған қағидаттарымен үйлеспейді.

Жазушының қазақ тілі терминологиясын қалыптастыруға катысты ұстанған бағытының ерекшелігі де осында. Дей тұрғанмен, қазақ тіліне жат сөздерді қабылдау мен терминқор қалыптастыру мәселесінде өзгеше көзқараста болғанымен, ең бастысы Ж.Аймауытов та сол кезеңдегі алаш қайраткерлері сияқты қазақ тілі терминологиясын ұлт тілінде қалыптастыру бағытын ұстанған. Бұған дәлел, жазушы қазақ тілінде көптеген терминдер жасап қолданып, қазақ тілінің ғылым тілі ретінде қалыптасуына белсене араласқан. Мысалы, қазақ тілінде «Психология» оқулығын жазып, психология ғылымының көптеген терминдерін ойлап тапты, олардың шет тілдеріндегі нұсқаларының қазақша баламасын тауып аударды.

Терминология мәселесінде Ж.Аймауытов терминдердің газет-журналдардағы, яғни бұқаралық ақпарат құралдарындағы қолданысына да назар аударады. Жазушы 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің №405 санында жарияланған «Газет тілі қалай түзеледі?» мақаласында газеттерде қолданылып жүрген терминдер мен сөздердің әртүрлілігін бірізге келтіру жолдарын ұсынады. Ол «мекеме атаулары, қызмет аттары, кеңсе тілдері әлі бірізге салынбай келеді, тіл шоқпытталып, қойыртпақ болып барады. Бұл қалыпта жүргізуге болмайды, шара қолдану қажет» деп атап көрсетеді. Өз ойынша, төмендегідей жеті шараны жүзеге асыру керек:

1. Газет басқармасы мәселені кейінге қалдырмай, 15 күн ішінде қолданатын сөздерін жинап тізімге түсірсін. Бұл үшін сөз аударушылардан, газеттерден, мекемелерден ақпарат жиналсын.

2. Білім кеңесі бекіткен сөздер солай қолданылсын; дұрыс аударылмаған сөздер қайта талқылансын.

3. Жиналған сөздерді басқарма алдымен өзі аударсын. Қиындық туса, білім кеңесіне қаратып аудартсын. Егер ол мүмкін болмаса, газетте жариялап, қаламгерлердің ұсыныстарын қабылдап, ең қолайлы аударманы қолдансын.

4. Анық бекітілген сөздер газет бетінде жарияланып тұрсын.

5. Сөздерді аударғанда әр газет қандай сөзді қалай аударып қолданатыны ескерілсін; Солардың ішінен дұрыс аударылған сөздер жазылсын.

6. Бекітілген сөздер орыс әліппесімен жазылып, басқармаға ілінсін, лұғат түрінде басылып, басқа газет басқармаларына да жіберілісін.

7. Жаңа немесе түсініксіз сөздер алдымен қазақша және орысша қатар (орысшасы жақша ішінде) берілісін.

Бұл талаптар орындалмаса, тіліміз шоқпытталып, бұзылады, оқырман түсінбейді, баспа сөздің қадірі кеміп, зиян шегеміз.

Ж.Аймауытовтың бұл ұсыныстары газет редакциясы тарапынан бірден қабылданады.

Осы мақаланың соңына басқарманың мынадай түсініктемесі беріледі: «Басқармадан: орысшадан аударма сөздердің бірізге түсе алмай келе жатқаны - талассыз мәселе. «Еңбекші қазақ» бұл іске кірісуші. Жат сөздердің қазақшасы бұдан былай газетте жарияланып отырады».

Ж.Аймауытов мақаласында баспасөздің термин сөздерді қалыптастырудағы орнын, оларды бір ізге келтіру мәселесін де көтереді. Ол былай деп жазады:

«Тілімізде ұғымсыз сөйлемдерді былай қойғанда, жеке сөздерді әркім әртүрлі аударып, түрліше жазып жүр. Мысалы, бірде «Сабнарком», бір жерде «халық кемесерлер кеңесі», бірде «ҚазЦИК», бір жерде «Қазатком», «пәлесе» сөзі кейде «пәлещие», «кәперация» кейде «кәпратип» болып әрқалай жазылып жүр», Бұлай болмайды. Ондай сөздерді не орыс тіліндегі нұсқасын, не бәрін қазақша алу қажет. [4, 200-2003 бб.].

Мұнда автор қысқартылған аралас атаулар мен кірме термин сөздердің әртүрлі аударылып жазылып жүргенін көрсетіп, оларды бір ізге түсіру керек екенін айтады. Бұл - терминология саласында жиі кездесетін мәселе. Сондықтан терминдерді бір ізге түсірумен мамандар мен арнайы құрылымдар тұрақты түрде үнемі айналысқаны жөн. Сол кезеңдегі қазақ оқығандарының, соның ішінде, Ж.Аймауытов сияқты көрнекті қаламгердің терминология мәселесіне көңіл бөлгені – оның ұлттық ғылым тілін қалыптастыруға бейжай қарамағанын білдіреді. Сондай-ақ ол баспасөздің білім беру мен ақпарат көзі ретіндегі маңызына назар аударады: «Кітап, оқу құралдары болмағандықтан, қазір газет-журналдар мектепке кітап орнына қолданылады. Сондықтан газеттеріміз әрі хабар, әрі кітап болып отыр. Егер газет сөзі осылай әртүрлі болса, оны қалай оқытамыз?» Ж.Аймауытовтың бұл пікірі оның XX ғасыр басындағы қазақ қоғамына білім беру ісін, баспасөздің орнын жақсы білетінін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, жазушының қазақ баспасөзінде термин сөздерді қолдануға байланысты айтқан ой-пікірлері бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ. Қазақ тіл білімі ғылымының, әсіресе, терминология саласының қалыптасу, даму тарихына қарасақ, өткен ғасыр басында жоғары білімді мамандар аз болғандықтан, алғаш терминология мәселесімен Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Х.Досмұхамбетов, Е.Омаров, Н.Төрекұлов сынды жоғары білімді оқыған алаш қайраткерлері айналысқан. Олар тек өз мамандықтарының терминдерін жасап қана қоймай, өзге ғылымдардың да терминдерін қалыптастыруға мол еңбек сіңірді. Әсіресе, Ж.Аймауытовтың тіл ғылымы мәселелеріне қатысты ғылыми ой-пікірлерін зерттегенде, оның көзқарасы жан-жақты, білімі терең зерттеуші екенін, қазақ әдебиетімен қатар қазақ тіл білімінің тарихында да ерекше орны бар екенін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Аймауытов, Ж. Ана тілі [Текст] / Ж. Аймауытов // Алаштың тілдік мұрасы: мақалалар жинағы / құраст. С. Шүкірұлы, Е. Тілешов. – Алматы, 2009.

2 Аймауытов, Ж. Тіл қалай пайда болған [Текст] / Ж. Аймауытов // Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы, 2009.

3 Аймауытов, Ж. Тіл туралы [Текст] / Ж. Аймауытов // Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы, 2009.

4 Аймауытов, Ж. Пән сөздері қалай табылады [Текст] / Ж. Аймауытов // Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы, 2009.

5 Аймауытов, Ж. Ана тілін қалай оқыту керек [Текст] / Ж. Аймауытов // Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы, 2009.

6 Аймауытов, Ж. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Текст] / Ж. Аймауытов ; құраст. О. Жұбаева. – Алматы, 2013.

7 Аймауытов, Ж. Бес томдық шығармалар жинағы [Текст] / Ж. Аймауытов. – Алматы, 1997.

REFERENCES

1 Aimauytov, Zh. Ana tili [Native Language]. In: Alashtyn tildik murasy: makalalar zhinagy. Almaty, (2009). – (In Kaz)

2 Aimauytov, Zh. Til qalai paida bolgan [How Language Originated]. In: Alashtyn tildik murasy. Almaty, (2009). – (In Kaz)

3 Aimauytov, Zh. Til turaly [About Language]. In: Alashtyn tildik murasy. Almaty, (2009). – (In Kaz)

4 Aimauytov, Zh. Pan sozderi qalai tabylady [How Technical Terms Are Coined]. In: Alashtyn tildik murasy. Almaty, (2009). – (In Kaz)

5 Aimauytov, Zh. Ana tilin qalai oqytu kerek [How the Native Language Should Be Taught]. In: Alashtyn tildik murasy. Almaty, (2009). – (In Kaz)

6 Aimauytov, Zh. XX gasyr basyndagy kazakh tili zhonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh Language in the Early 20th Century]. Almaty, (2013). – (In Kaz)

7 Aimauytov, Zh. Bes tomdyq shygarmalar zhinagy [Collected Works in Five Volumes]. Almaty, (1997). – (In Kaz)